

ПРЕСС-РЕЛИЗ
«MEN QALDYRǴAN ECO-IZ»
республикалық экологиялық экомарафоны

Алматыдағы ЮНЕСКО Кластерлік Бюросы Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясымен және «EcoJer» қазақстандық экологиялық аймақтық бастамалар қауымдастығымен бірлесіп, "Men qaldyrǵan eco-iz" республикалық экологиялық экомарафонының басталғандығын жариялайды.

Заман ағымы адамға тікелей байланысты. Оның қатысуымен қалалар пайда болуда, зәулім үйлер қалануда, инфрақұрылым дамуда, халық саны геометриялық прогрессиямен өсуде.

Адамның күнделікті өмірі қоршаған ортаға орны толмас зиян келтіруде. Заманауи қоғам өкілдері әрекеттерінің экологиялық салдарын түсініп, дағдарыстың одан бетер дамуына жол бермеуі керек.

"Men qaldyrǵan eco-iz" республикалық экологиялық экомарафоны - үйреншікті өмір салтын өзгертіп, таза әлемде таза ауамен демалуға бастайтын бірегей жоба.

Егер жасыңыз 12 мен 25 аралығында болса, жобаға қатысуға шақырамыз!

Марафон қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүруге қажетті экологиялық әдеттерді қалыптастыруға, осы бағыттағы ЮНЕСКО-ның басты қағидалары мен ұстанымдарымен жақындасуға мүмкіндік береді.

90 күн ішінде қатысушылар "қалдықсыз" өмір философиясымен, энергияны үнемдеу мен қоқысты іріктеу жолдарымен марафонның арнайы онлайн-платформасында танысады.

Ең бастысы - қатысушылар бүгін алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жаңа әдеттерді өмір бойлық серіктеріне айналдыра алады. Марафон аясында қатысушыларға сарапшы-экологтардың қатысуымен вебинарлар, ЮНЕСКО-ның тұрақты даму мүддесіне сай білім беру бағдарламасы ұйымдастырылады.

Марафон 1 тамызда басталып, 90 күнге жалғасады.

Қатысушыларды тіркеу 1 шілде мен 1 тамыз аралығында жүреді. Марафонға тіркелу үшін «Таза әлем басталады өзімнен!» мәтінін теріп, 8 700 394 32 32 нөміріне жіберу керек.

https://youtu.be/8_zSNYVyZPs

Қосымша ақпарат:

Қазақстандық Ұлттық ЮНЕСКО Клубтарының Федерациясы 2009 жылы негізі қаланып, бүгінде Қазақстанның 14 олысында, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларындағы 155 ЮНЕСКО Клубын біріктіреді. Федерация ЮНЕСКО Клубтарымен бірлесіп, ЮНЕСКО-ның үш басты бағыттары, яғни шағармашылық білім беру, мәдени мұра, тұрақты даму бойынша 600 астам жобалар мен жастарға арналған бағдарламаларды жүзеге асырды. Аталмыш жобалар жыл сайын әлемнің 35 елінен 20 000 астам қатысушыларды қамтиды және олар ЮНЕСКО-ның басты құзіретіне сай ұйымдастырылады.

«EcoJer» қазақстандық экологиялық аймақтық бастамалар қауымдастығы технологиялық прогресті қамтамасыз ете отыра, қоршаған ортаны қорғау үшін қызмет етеді. Ассоциацияның міндеттеріне үкімет пен халық арасында байланыс орнату, ұйымдардың экология мен қоршаған ортаны қорғау аясындағы шараларына қолдау көсету, әрі дамыту, кәсіпорындарға үздік технологиялық әдістерді енгізу, қоршаған айналаның жағдайын жақсартуға бағытталған жобалар мен бағдарламаларды құрастыру, жүзеге асыру және қадағалау, қоғамның экологиялық сауатын арттыру жатады.

#МойЭкоСлед #EcoYouthMarathon # MenQaldyrganEcoIz